

Шығармалары:

Талап Сұлтанбеков - тұңғыш рет қазақ тілінде "Дойбы деген не?", "Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ" атты көмекші кітап жазған спортшы, қазақ әдебиетінің тарихында ғылыми фантастика жанрына тұңғыш қалам тартқан жазушы. Ғылыми қиял (фантастика) жанрына қалам тартып жүрген жазушы шығармаларының тақырыбы сан алуан. Жасөспірімдерге арналған "Көшпелі алтын", "Жүрек тулайды", "Жұлдыз ат", Лұқпан Хакім", "Тізгін", "Темір еліне саяхат" әңгімелері оқушыны қиялға, арманға жетелейді. Ол өз оқырманын ғылымның табиғи сырына үңілуге, адам миы арқылы оның күдірет күшін танып білуге, тіпті оны тізгіндеп бағындыруға да болатынын айғақтайды.

Жазушының «Ғажайып планета» атты фантастикалық әңгімесі биолог Тұрановтың, «Байқоңыр – 12» космос кемесінің командирі Елшібек Оразовтың, жасанды адам физиомеханикалық Кибердің, Осипов пен Мәриямның жұмбақ ғаламшарға экспедициясы туралы қызықты да тартымды баяндалған. Автор ғылымда дәлелденбеген, бірақ адам қиялы болжаған мүмкіндіктерге оқырманын еркін ойлаумен жетелей отырып, ғажайып құбылыстарға куә етеді. Жер планетасы мен оның серіктері арасында байланыстың барлығына көз жеткізеді. Жазушы ғылыми болжамдар бағамынан асып, оқырманының санасын серпілтер, бағытын жаңартар ой тастайды. Аспан әлеміндегі ізденістің бәрі тек адам игілігі үшін жасалатынын танытады. Экипаж мүшелерінің жинап қайтқан материалдары өте құнды, оны аман-есен Жерге жеткізуді бұлжымас борыш ретінде көрсету арқылы қандай да бір зерттеу ісіне адамның жауапкершілікпен қарау керектігін нұсқайды. Жазушы кейіпкерлері нанымды, тілі жеңіл. Шығармада ғылыми терминдердің қолданысы фантастикалық әңгіменің мақсат-міндетінен туындаған. Талап Сұлтанбеков-қазақ зиялыларының жарқын өкілдерінің бірі. Оның анасы – Дәмеш Берсүгірова белгілі ақын, ұстаз, ал немере ағасы қазақтың көрнекті ақыны Ілияс Жансүгіров. Жазушы өз өмірін қазақ деректі киносының, әсіресе спорт журналистикасының дамуына арнаған журналист, жазушы, кинодраматург ретінде Қазақстанға танымал.

Әңгімелері:

«Ғажайып планета»

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20727>

«Жүрек тулайды»

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20728>

«Қара музыка»

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20729>

«Сасырдың сүті»

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20730>

«Лұқман Хакім»

<https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=20731>

Кітаптары:

"Көшпеліалтын", "Лұқпан Хакім". Спорттық тақырыптағы "Дойбы ойыны" (1954), "Шахмат ойнай білесің бе?" (1959), "Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ" (1967) кітаптардың авторы.^[1]